

“ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”
Мемлекеттік мекеме

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2001 ж. 06 - 05 жүргізілді

№ 16745-1917 III куәлік

“ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”
Мемлекеттік мекеме

Құрылтай құжаттарына енгізілген
өзгерістер мен толықтырулар

2009 ж. “11” 11 тіркелді

БСН 040540004647

«Нашар көретін балаларға арналған №14 мектеп-бала бақша кешені»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ

ЖАРҒЫСЫ

Өскемен қаласы әкімдігінің
2009 жылғы «30» _____
№ 4294 қаулысымен
бекітілген

**«Нашар көретін балаларға арналған № 14 мектеп-бала бақша кешені»
мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Нашар көретін балаларға арналған № 14 мектеп-бала бақша кешені» Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп), заңды тұлға мәртебесін алған, өз бетінше шешім қабылдай алатын, бастама жасай алатын, эмоционалды-қайырымды, адамгершілік, ақыл-ой және денесі жағынан дамыған жеке тұлғаны дамыту аспектілеріне бағытталған, көздерінің көруі бұзылған балалардың жалпы мектепте оқуларына, нашар көретін балаларды қоғамдағы өмірге бейімделуге дайындайтын, өндірістік-шаруашылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің оған қатысты мемлекеттік меншік субъекті функцияларын жүзеге асыратын құрылтайшысы және органы (бұдан әрі – Уәкілетті орган) Өскемен қаласының әкімдігі болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік басқару органы (бұдан әрі – Басқару органы) «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

3. Толық аты: «Нашар көретін балаларға арналған № 14 мектеп-бала бақша кешені» мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение «Комплекс школа-детский сад № 14 для слабовидящих детей».

4. Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының, Уәкілетті органының және мемлекеттік басқару органының білім беру саласындағы нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Заңды мекен жайы: 070010, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Виноградов көшесі 10/1.

6. Мектепте аптасына бес күндік жұмыс белгіленген.

2. Заңды мәртебе

7. Мектеп мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Мектептің өзінің дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде есеп-шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған бланкілері, мөрі және мөртабаны болады.

9. Мектеп филиалдар мен өкілдіктер құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мектеп иелігіндегі ақшаға өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болса, оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті уәкілетті орган көтереді. Уәкілетті орган шарттық міндеттемелер бойынша тек мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде ғана субсидиярлық жауапкершілікті көтереді.

11. Мектеп жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте тіркеуден өтуге жатады.

3. Жүзеге асырылатын білім беру оқу бағдарламаларының мәні, мақсаты, міндеттері, тізбесі

12. Мектеп қызметінің мәні үш жастан он жеті жас аралығындағы балаларды тәрбиелеу, оқыту, емдеу, қарау, күту және сауықтыру болып табылады.

13. Мектеп қызметінің басты мақсаты - балалардың жеке басының мәдениеті, базистері, жалпы адами рухани құндылықтары сәйкестігінің негізінде жан-жақты дамыту болып табылады.

14. Мектептің міндеттері:

1) қазақ және орыс тілдерінде білім алатын, нашар көретін мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалар үшін оқу-тәрбие және емдік-түзету міндеттерін шешу үшін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

2) нашар көретін балалардың денсаулық жағдайына, отбасы сұранысына қатысты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа ұйымдымдастырушылық-педагогикалық формалары мен әдістерін әзірлеу және енгізу;

3) балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту, олардың физикалық және психологиялық дамуын түзету, эмоционалдық амандығына қамқор болу;

4) білім берудің барлық деңгейлерінде оқу-тәрбие үрдісіндегі сабақтастықты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының келісімділігіне қол жеткізу, әрбір баланың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге білікті көмек көрсету;

5) балалардың дамуындағы бұзылуларды түзету үшін емдік, сауықтыру, психо-тарепевтік және логопедтік іс-шаралар кешенімен қамтамасыз ету;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне қатыстыру, республикадағы қазақ және өзге халықтардың тарихын, салт-дәстүрін меңгеру, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін үйрену;

7) педагогтық қызметтестік негізінде әртүрлі қызмет түрінде баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру, қабілетін қалыптастыру, жеке тұлға ретінде тереңдетіп дамыту;

8) азаматтыққа, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, адам бостандығы мен құқығын құрметтеуге, табиғат пен отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

15. Қылылықпен, амблиопиямен нашар көретін балалар контингенті толық болған жағдайда, атап өткен санаттар үшін бөлек сыныптар мен мектепке дейінгі топтар құрыла алады.

16. Мектеп келесі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, оның ішінде мектепалды дайындық, бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру.

4. Мектепті басқару

17. Өкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіпте мынандай міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) Мектепке мүлікті бекітеді;
- 2) Мектеп жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

Соның өзінде өзгертулер мен толықтыруларды енгізу екі әдіспен ресімделуі мүмкін: жаңа редакцияда Жарғыны жасау немесе осы Жарғыға қосымшалар түрінде өзгертулерді (толықтыруларды) ресімдеу жолымен;

- 3) заңнамамен белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

18. Мектепті жалпы басқаруды заңнамаға сәйкес басқару Органы жүзеге асырады:

- 1) Мектепті ұстап тұруға және дамытуға қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Мектепке берілген мүліктің тиімді пайдалануы мен сақталуына, оқу-тәрбие үрдісінің сапасына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

3) құрылымын, қалыптасу тәртібін және алқалық басқару органдарының өкілеттік мерзімін, Мектептің шешімдерді қабылдау тәртібін анықтайды және бекітеді;

4) Мектеп директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершіліктерін, оның лауазымынан босатылу негіздемелерін анықтайды;

- 5) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

б) заңнамамен белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

19. Директор Мектепке тікелей басшылықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

20. Мектеп директоры Мектептің жұмысын ұйымдастырады, басшылық жасайды, өзіне жүктелген функционалдық міндеттеріне сәйкес Басқару органдарына тікелей бағынып, олардың алдында жауап береді.

21. Мектеп директоры дара басшылық қағидалары тұрғысында әрекет етеді және қызмет мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған, осы Жарғыда және лауазымдық нұсқаулығына, өз құзыретіне сәйкес өз бетімен шешеді.

22. Мектеп директоры өз қызметін жүзеге асырғанда заңнамада белгіленген тәртіпте:

- 1) Мектеп атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 2) барлық ұйымдарда Мектеп мүддесін білдіреді;
- 3) заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке иелік етеді;
- 4) шарттар жасасады;
- 5) сенімхаттар береді;
- 6) Мектептің іссапарлары, тәжірибеден өтулері бойынша қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлер біліктілігін көтерудің басқа да түрлері бойынша тәртібі мен жоспарын бекітеді;
- 7) банк есепшоттарын ашады;
- 8) Мектептің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
- 9) Мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 10) Басқару органымен келісе отырып, өз орынбасарларын және бас бухгалтерді лауазымдарына тағайындайды және босатады;
- 11) Мектеп қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза белгілейді;
- 12) Мектеп қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін анықтайды;
- 13) заңнама, Уәкілетті орган, Басқару органы және осы Жарғыда жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

23. Мектеп директоры заңнамада белгіленген тәртіпте:

- 1) оқушылар мен тәрбиеленушілердің, Мектеп жұмыскерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылғандығы үшін;
- 2) өзінің құзіретіне қатысты қызметті орындамағаны үшін;
- 3) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын орындамағаны үшін;
- 4) Мектеп тәрбиеленушілерінің, білім алушыларының және қызметкерлерінің оқу-тәрбие үрдісі кезіндегі өмірі мен денсаулығы үшін;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайы, соның ішінде материалдық және ақша қаражатын мақсаттан тыс пайдаланғаны үшін;

6) нормативтік-құқықтық актілерде және еңбек келісімінің шарттарында қарастырылған басқа да талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікте болады.

24. Мектеп директоры Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

25. Мектеп директорына өзінің қызметін мектеп ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да басшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) қызметтерді қоса атқаруға жол берілмейді.

26. Мектеп директорына лауазымдық міндеттерін қосымша жұмыс істеумен біріктіруге тиым салынады.

27. Мектептің алқалық Басқару нысаны педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер және басқарудың басқа түрлері болып табылады, олар өз қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының, Басқару органының, Мектеп директорының бұйрықтары мен шешімдерінің негізінде жүзеге асырады.

28. Мектептің педагогикалық кеңесінің басты міндеттері ұжымның білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі педагогикалық күшін біріктіру, білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмысты және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге бағыттау, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибелер жетістіктерін практикаға енгізу, білім алушылардың және тәрбиеленушілердің ауысуына және мектеп бітіріп шығуына қатысты мәселелерді шешу болып табылады.

29. Педагогикалық кеңестің құрамына: Мектеп директоры, оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Педагогикалық кеңес құрамы оқу жылына Мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

30. Мектептің оқу-әдістемелік жұмысын жалпы басқаруды әдістемелік кеңес жүзеге асырады.

31. Әдістемелік кеңестің құрамына әдіскерлер, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, Мектеп директорының орынбасарлары кіреді. Әдістемелік кеңестің құрамы Мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

32. Әдістемелік кеңес:

1) оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыруды;

2) Мектептегі оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді және жетілдіруді;

3) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жалпылау мен таратуды;

4) сапа менеджментінің жүйесін дамыту және оқу үрдісіне әдістемелік зерттемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындауды;

5) Мектептегі әдістемелік жұмысты үйлестіруді;

6) Мектептегі қолданыстағы технологияларды, әдістерді, оқыту құралдарын жетілдіру және жаңасын енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды;

7) педагогтардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыруды;

8) педагогтық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіруді;

9) білім беруді дамыту мәселелері және оны жүзеге асыруда басым бағыттарды қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасауды;

10) Мектеп қызметкерлерін аттестаттауға қатысуға;

11) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау мен мақұлдауды;

12) Мектептегі оқу үрдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруды;

13) Мектепті әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне тиісті нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарын талқылау мен енгізуді;

14) оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың түрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарастыруды;

15) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарын келісу мен бекітуді;

16) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарларды, конференцияларды, кеңестерді ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырады.

33. Мектептің қамқоршылық кеңесі жалпы жиналыста уәкілетті орган мен Мектептің білім алушыларының ата-аналары бастамасы бойынша құрылады.

34. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

1) Мектеп директоры;

2) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;

3) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;

4) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;

5) демеушілер кіруі мүмкін.

35. Қамқоршылық кеңес:

1) Мектепке оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға, тәрбиелеу және оқыту саласында халықаралық әріптестікті орнатуға және дамытуға ықпал етуді;

2) білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасауды;

3) мектепке қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз етуді;

4) әлеуметтік-мәдениет, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге ықпал етуді;

5) әлеуметтік әлсіз тұрғындар қабатынан шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуға және жұмысқа орналастыруға ықпал етуді жүзеге асырады.

5. Мектеп құзыреті

36. Мектеп оқу-тәрбие үрдісін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және басқа да қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында, «мектеп бала бақша» кешендерінің қызметін ұйымдастырудың, білім берудің арнайы ұйымдарының үлгі ережелерінде және осы Жарғыда белгіленген шектерде өз бетінше жүзеге асырады.

37. Мектеп өз қызметін Жарғыға сәйкес жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі жайлы хабардар етіп отырады.

38. Мектеп құзыретіне келесі міндеттер жатады:

1) ішкі тәртіп Ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу үрдісінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту;

3) егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге қызмет қарастырылмаса, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензияға сәйкес оқушылардың контингентін қалыптастыру;

4) білім беру үрдісі әдістемелері мен білім беру технологияларын, соның ішінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалану және жетілдіру;

5) ұлттық бірыңғай тестілеуді, техникалық және қызмет көрсету еңбегі кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілікті иемденуді қоспағанда білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу;

6) меншік қаржы қаражаты шегінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық еңбекақысының мөлшерлерін (мөлшерлемесін), үстеме ақысын, қосымша ақысын белгілеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта дайындауды қамтамасыз ету;

8) нормативтік талаптарға сәйкес Мектепті материалдық-техникалық жабдықтау және қамту, қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жарғының қызметін жүзеге асыру үшін қосымша қаржы көздері мен материалдық құралдарды пайдалану;

10) оқушыларды тамақтандырумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, оқушылар мен тәрбиеленушілер денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған ерекше білім нәтижелерін көрсеткен оқушылар үшін қосымша көмек және марапаттауды ұйымдастырады;

12) білім алушылардың күтімі жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

13) Мектептің қоғамдық ұйымдары, қоғамдық өзін-өзі басқару ұйымы қызметіне ықпал ету;

14) Қазақстан Республикасы Заңнамасымен бекітілген түрде қаржылық есеп беру.

6. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, Мектепке қабылдау тәртібі

39. Оқыту және тәрбие беру тілі - мемлекеттік және орыс тілдері болып табылады.

40. Мектептің оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде жасалған бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Мектепте тиімді оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз ету үшін (баланың шығармашылық, рухани және дене күші мүмкіндіктерін дамыту; адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру) педагогтарға балама авторлық бағдарламаларды таңдап алуға, қолдануына, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқару органы бекіткен жаңа технологияларын енгізуге құқық береді.

42. Балаларды мектепке қабылдау тәртібін (өтініштерді есептеу тәртібі, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін жолдамалар ресімдеу және беру) психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, балалар жасына қарай, ерте сатыдағы анықталған көздерінің аурулары туралы дәрігерлік көрсеткіштер бойынша басқару Органы анықтайды.

43. Балаларды қабылдау кезінде негізгі және қосарлама аурулары бар офтольмологиялық диагноздары барларға назар аударылдады, сонымен бірге мамандардың тексеруінің нәтижесінде алынған барлық мәліметтер алынады:

1) түзетуге жатқызылған жақсы көретін көздері 0,05-04,сонымен бірге өзге де көру функциялары және патологиялық үрдісінің жағдайы есепке алынады;

2) күшеймелі және жиі қайталанба ауруларымен тым жоғарғы көру өткірлігі бар балалар, сонымен бірге жақын арақашықтықта оқып, жазғанда организмнің әлсіреуі құбылыстарының болуы;

3) емдеуді ары қарай жалғастыру үшін тым жоғарғы көру өткірлігі бар (0,4-тен жоғары) қылилықтары, амблиопиялары барлар.

44. Мектептің мектепке дейінгі топтарына үш жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар жыл бойы тұрақты немесе қысқа мерзімге қабылданады.

45. Мектеп алды сыныптарға (топтарға) ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде бес немесе алты жасқа толған нашар көретін балалар (көзінің қылилығы, амблиопиялары бар балаларды қоса) қабылданады.

46. Мектепке қабылдауға жатпайтындар:

- 1) саңыраулар және нашар еститіндер;
- 2) ақылы бұзылғандар, психикалық дамуы терең түрде тежелгендер;
- 3) психикалық мінез-құлықтармен, ақыл-есі дұрыс еместер, эпилепсиямен азап шегушілер;
- 4) соқыр-керең-мылқаулар;
- 5) тірек-қимыл аппараттары ауыр түрде бұзылғандар.

47. Басқару органы мен психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңестің келісімі бойынша баланың мектепте болу кезеңінде жоғарыда көрсетілген қарсы дәлелдер айқын болған жағдайда міндетті түрде шығарылады немесе басқа білім беру мекемелеріне ауыстырылады.

48. Қашық аудандарда тұратын, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін мектепте тәулік бойы болу мүмкіндігі қарастырылады.

49. Мектепке балалардың тіркелуі келесі қажетті құжаттар қоса берілгенде директордың бұйрығымен ресімделеді:

- 1) ата-ананың (немесе оларды алмастырушы тұлғалардың) жазба түріндегі өтініші;
- 2) психологиялық-дәрігерлік- педагогикалық кеңестің шешімі;
- 3) баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама (медициналық төлқұжат);
- 4) тууы туралы куәлік көшірмесі;
- 5) Басқару органының жолдамасы;
- 6) тұрғылықты мекен-жайының анықтамасы немесе тұрғылықты мекен-жайын растайтын басқа құжат;
- 7) екі дана 3x4 бейнесуреті.

50. Мектеп балаларды қабылдау барысында ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерін Жарғымен, білім беру қызметіне құқық беретін лицензиямен таныстыруға міндетті.

51. Мектептің әкімшілігі мен ата-аналар арасында (немесе оларды алмастырушы тұлғалардың) өзара құқықтары, міндеттері және екі жақты жауапкершілігі туралы шарт жасалады.

52. Мектептегі білім беру үрдісін ұйымдастыру үлгілі мемлекеттік оқу жоспарына сәйкес әзірленген оқу жоспары негізінде құрылады, сабақ кестесімен өлшенеді.

53. Оқу сабақтарының ұзақтығы, оқу сабақтарының басталуы мен аяқталуы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес анықталады. Сабақтар сағат сегізден он бес минут өткенде басталады.

54. Демалыс уақыты білім алушылар үшін 30 күн болып белгіленеді, жаз мерзімінде – 12 аптадан кем болмауы керек. Мектепалды және бірінші сыныптарда білім алушылар үшін үшінші тоқсанда қосымша апталық демалыс белгіленеді.

55. Мектепте тәрбиеленушілер мен оқушылар үшін тамақтану ұйымдастырылады, тамақтану кестесі олардың мектепте ұзақ болу уақытына байланысты белгіленеді.

7. Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау білімінің ағымдағы бақылау жүйесі, түрлері және өткізілу тәртібі

56. Білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымдағы бақылауды әрбір тақырып пен тарау бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламалық материалдарды меңгергендігін тексеру мақсатында барлық пәндер бойынша бес ұпайлық жүйемен мұғалім өткізеді.

57. Бастауыш сыныптарда білім алушылар тоқсандық (жарты жылдық) бағаларының негізінде аттестатталады.

Бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында оқу материалдарын меңгеру деңгейіне баға қойылмайды.

58. Білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 31 мамырға дейін өткізіледі.

59. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес Мектеп оқу пәндерінің тізбесін, қажеттілігін, нысандары мен мерзімдерін өзі белгілейді.

60. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды құрамы Мектеп директорымен бекітілетін қорытынды емтихандарды өткізу жөніндегі комиссия өткізеді.

61. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен Мектеп түлектеріне Мектеп мөрімен расталған сәйкес білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

62. Білім алушылардың білім беру бағдарламаларының мазмұнын меңгеруін тексеру мақсатында мемлекеттік аралық бақылау жүзеге асырылады.

63. Оқыту саралап және даралап оқыту қағидасы негізінде және психолого-дәрігерлік-педагогикалық және баланы клиникалық зерттеу нәтижесі бойынша жүргізіледі.

A

27

64. Білім алушы ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен және психолого-дәрігерлік-педагогикалық комиссия, Мектептің педагогикалық кеңесінің қорытындысы негізінде сыныптан сыныпқа көшіріледі.

65. Оқушылар көпшілік білім беру мектебіне ауысуы кезінде Мектеп психологиялық-педагогикалық мінездеме мен бала қабілетінің келешекте дамуы жөніндегі ұсыныстар береді.

8. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізімі мен тәртібі

66. Жарғының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, Мектеп Қазақстан Республикасының анықталған заңнамасы бойынша ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламалары (балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықтарын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдері мен қызықтауларын дамыту, мамандардың біліктіліктерін арттыру) бойынша қызметтерді жүзеге асыруға;

2) оқу жоспары және бағдарламалар бойынша бөлінген оқу уақытынан бөлек (пәндер және пәндер айналымы) жеке білім алушыларға пәндер бойынша қосымша сабақтарды өткізуді ұйымдастыру;

3) оқушыларға пәндер бойынша (пәндер және пәндер айналымы) ғылым негіздерін тереңдетіп оқыту бойынша қызметтер;

4) оқушылар мен тәрбиеленушілердің жазғы демалысын ұйымдастыру, тамақтануын қамтамасыз ету;

5) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасында спорттық сайыстарды, семинарларды, кеңестерді, конференцияларды, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен тарату бойынша;

6) музыкалық аспаптарды пайдалануға беру, энергоқұрылғылармен және қазандықтармен берілетін жылу қуатын беру, оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе үлескілерінің өнімді өндіру және таратуды ұйымдастыру.

67. Мектеп келісім бойынша және білім беру кәсіпорындарымен және мекемелерімен бірге, сондай-ақ өз бетімен қосымша білім ретінде қызметтің сол түріне лицензия болған жағдайда ата-анасының төлеміне Мектеп пен ата-аналардың (заңды өкілдері) арасындағы шарт негізінде аталған қызметтерді көрсетеді.

68. Ақылы білім беру қызметтерінің құны жеке оқу жұмыс жоспарына (бағдарлама) сай кесте бойынша Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте анықталады.

69. Ақылы білім беру қызметінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

70. Қосымша ақылы білім беру қызметтері балалардың дене және психикалық денсаулықтарына кері әсер етпеуі керек.

9. Білім беру ұйымының білім алушыларымен, тәрбиеленушілер, олардың ата-аналарымен және олардың заңды өкілдерімен қарым-қатынасты рәсімдеу тәртібі.

71. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

1) білім беру сатыларына сай мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

2) Мектеп педагогикалық кеңесінің шешімімен және басқару Органының келісімімен жалпыға міндетті білім беру стандарттары аясында жеке оқу жоспарлары, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметін пайдалануға, білім алуға, оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) Қазақстан Республикасының білім беру көлемінде орталық атқару органы бекіткен бір оқу мекемесінен басқа мекемеге, бір түрден басқа түрге, мемлекеттік еместен мемлекеттік оқу мекемесіне ауысуына;

5) білім алу түрін таңдауға;

6) Мектепті басқаруға қатысуға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кітапханалардың ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;

8) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

72. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Мектеп Жарғысында көрсетілген басқа да талаптарды орындауға;

3) өздерінің денсаулықтары үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

4) мемлекеттік мекеме мүлкіне ұқыпты қарауға;

5) оқу үрдісіне басқа қатысушылардың ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) этика және эстетика талаптарына жауап беретін Мектеп киімінің үлгісіне арналған талаптарды орындауға;

7) қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, жолда жүру қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, су қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін сақтауға міндетті.

73. Мектеп оқушыларына:

1) қаруды, ішімдік сусындарын, темекіні, улағыш және есірткі заттарын әкелуге, бір-біріне беруге немесе пайдалануға;

2) қандай да болмасын жарылыс пен өртке әкеліп соғуы мүмкін құралдарды пайдалануға;

3) оқушылар мен Мектеп қызметкерлерінің денсаулығына қауіп төндіретін кез-келген іс-әрекет жасауға тыйым салынады.

74. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

75. Жалпы оқу бағдарламалары мен бастауыш білімді менгеруде ерекше жетістіктерге жеткен түлектерге үздік құжат беріледі.

76. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер ата-аналарының (заңды өкілдері) құқықтары:

1) өз қалауы мен баланың жеке бейімділігі, ерекшелігін есепке ала отырып, білім беру ұйымын таңдауына;

2) ата-аналар комитеті, қамқорлық кеңестері арқылы Мектепті басқару үрдісіне қатысуына;

3) Мектептен өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу шарты жайында ақпарат алуына;

4) балаларының заңды құқықтары мен жағдайларын қорғауына;

5) білім алу түрін таңдауына, оқушылардың таңдау бойынша пәндердің, гимназиялық және кәсіптік сыныптарда тереңдетіліп білім алуына.

77. Ата-аналар және басқа да заңды өкілдердің міндеттері:

1) балалардың оқуы мен өміріне сау және қауіпсіз жағдай жасау, олардың интеллектуалдық және дене дамуын, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

2) бес және алты жасында мектеп алды даярлықтан өткізуді қамтамасыз ету;

3) Мектеп қоғамдастығымен, педагогтарымен үнемі қарым-қатынаста болу;

4) оқу мекемесіне баруын қамтамасыз ету;

5) оқушыны оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша Мектептің ұсыныстары мен талаптарын үнемі орындау;

6) Мектептің Жарғысын сақтау.

78. Мектептің қызметкерлерін жинақтау Басқару органының нормативті құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

79. Мектеп директоры мен қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негізінде реттеледі. Еңбек келісім-шарты еңбек заңнамасына қайшы болмауы тиіс.

80. Арнайы кәсіптік және педагогикалық білімі мен біліктілігі бар біліктілік талаптарына сәйкес тұлғалар ғана Мектептегі педагогикалық қызметпен (оқыту және тәрбиелеу) айналыса алады.

81. Тиісті кәсіптік білімі жоқ тұлғаларға педагогикалық қызметпен айналысу құқығы педагогикалық кеңес шешімі бойынша Мектепте қажетті мамандар болмағанда ғана беріледі.

82. Мектептегі жұмысқа сот үкімімен немесе дәрігерлік көрсеткіштерімен оған тиым салынған, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіпте өтелмеген және алынбаған сотталғандығы бар тұлғалар жіберілмейді.

83. Кәсіптік педагогикалық қызметпен айналысып жүрген тұлғалардың өз лауазымына жеткіліксіз біліктілігінің нәтижесінде сәйкес келмеуі жағдайларында, сондай-ақ педагогикалық қызметті жалғастыруға сыйымсыз құқыққа қайшы келетін әрекеттерді жасаған жағдайда олар алып отырған лауазымдарынан босатылады.

84. Мектеп қызметкерлерінің:

- 1) Мектепті басқаруға қатысуға;
- 2) кәсіптік ар-ожданы мен қадір-қасиетінің қорғалуына құқығы бар.

85. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары:

- 1) кәсіптік қызметпен айналысуға жағдайдың жасалуына;
- 2) білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің технологиясы мен әдістемесін, оқулығын, оқушы білімін бағалау тәсілдерін еркін таңдап, қолдануына;

3) ғылыми зерттеу тақырыптары мен түрін еркін таңдап, педагогикалық тәжірибеде нәтижесін қолдануына;

4) біліктілігін арттыру және қызметтік өсу мақсатында мерзімнен бұрын аттестаттаудан өтуге;

5) ұжымдық келісім-шартқа сәйкес, бастауыш білім берудің педагогикалық қызметкерлер үшін ұзақтығы 56 күнтізбелік күнге тең төленетін демалыс және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикалық қызметкерлері үшін 42 күнтізбелік күн демалыс және қосымша экологиялық демалыс алуға;

6) жеке педагогикалық қызметпен айналысуға;

7) кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

8) Мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауына;

9) бес жылда бір реттен сирек емес және ұзақтығы төрт айдан артық емес педагогикалық біліктілігін арттыруға;

10) педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін материалды және моральды мадақтау алуға.

86. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің міндеттері:

1) білім алушылар мен тәрбиленушілер алған білім, біліктілік, дағдылары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында қарастырылған деңгейден төмен болмауын қамтамасыз ету;

- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтап, дамытуға әсер ету;
- 3) өз біліктілігін арттыру;
- 4) 5 жылда 1 рет аттестаттаудан өту;
- 5) педагогикалық этика нормаларын сақтау;
- 6) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қадір-қасиетін құрметтеу;
- 7) салауатты өмір салтын сақтау, білім алушылар, тәрбиеленушілер арасында насихаттау;
- 8) Мектептің Жарғысын, қызметтік нұсқауды сақтау;
- 9) қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап, оқушыларға қауіпсіздік техникасы ережелері мен басқа да өмір сүруге байланысты қауіпсіздік ережелерін меңгерту.

87. Мұғалімнің жұмыс уақыты Мектептің ішкі еңбек тәртібіне сәйкес анықталады.

Сабақ өткізу, шараларға қатысу, Мектептің жұмыс жоспарында қарастырылған (педагогикалық және әдістемелік кеңес отырысы, ата-аналар жиналысы, директордың және басқалардың қатысуымен өткізетін жиналыстар) мұғалімге берілген бос уақытты өз еркімен пайдалануына құқықты.

88. Қызметкерлер Мектеп Жарғысын орындауға міндетті және біліктілік мінездеме талаптарына сай болуы керек.

89. Мектептің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

90. Эксперимент тәртібінде жұмыс жасайтын Мектептің педагогикалық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы мен білім беруді басқарудың орталық органы белгілеген тәртіппен үстеме төлемдер жүргізіледі.

91. Қаржысы жеткілікті және қосымша қаржысы бар Мектеп қосымша төлем, үстеме төлем, сыйақы тағы басқа белсендендіруші төлемдердің мөлшерін өз бетімен анықтайды;

92. Мектептің әкімшілігі мұғалімнің келісімінсіз ағымдағы жылда белгіленген оқу жүктемесін оқу жылының соңына дейін азайта алмайды.

93. Педагогикалық қызметкерлердің нормативті оқу жүктемесі білім берудің орталық атқару органының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметімен реттеледі.

94. Өз қаражатынан еңбек ақыны төлеу білім берудің мемлекеттік ұйымдарына белгіленген мөлшермен анықталады.

10. Мүлікті құрау тәртібі және қызметті қаржымен қамтамасыз ету

95. Мектеп мүлкі оған мемлекет берген мүліктен, сондай-ақ басқа мүліктен құрылады және Мектеп балансында бағалары көрсетілген негізгі қорлар мен айналым қаражаттарынан тұрады.

96. Мектеп мүлкі оған тікелей басқару құқығында тиесілі және Уәкілетті органның коммуналдық меншігіне жатады.

97. Мектепті қаржыландыру білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен белгіленген талаптардың негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған білім деңгейлері мен нормаларының ескерілуімен бюджеттік қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

Басқа да қаржылық және материалдық түсімдер Мектеп Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте пайдаланылады.

11. Мектептің халықаралық қызметі

98. Мектептің халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасының және халықаралық шарттардың, келісімдердің, конвенциялардың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мектеп өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыс орнатуға, ынтымақтастық туралы шарттар жасасуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (ассоциацияларға) кіруге құқылы.

12. Мектепті қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

99. Мектепті қайта ұйымдастыру және тарату меншік иесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

100. Мектеп заңнамада қарастырылған басқа да негіздемелер бойынша таратылуы мүмкін.

101. Мектепті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асады.

102. Мектепті қайта ұйымдастырған және қызметін тоқтатқан жағдайда оның мүлкі заңнамаға сай пайдаланылады.

103. Мектепті лицензиясынан айырған немесе таратқан жағдайда уәкілетті орган оқушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру бойынша шаралар қолданады.

Қала әкімі аппаратының
басшысы

 Н. Шерубаев



Құрастырушы